$$K_q = 3 \cdot I_0^{(1)} / I''_{12} \geq 1,2; \quad (3.8)$$

$3 \cdot I_0^{(1)}$ -Л12 желісінің соңында ҚТ кезінде Л12 желісінің қорғаныс комплектінен өтетін ток.

Л12 желісінің соңындағы бір фазалы минималды режимдегі ҚТ тоғын табудағы сұлбасы А қосымшасының А10 суретінде көрсетілген.

Бұл ток модельдеу арқылы комплекстік сұлбадан табылады. Өлшеулер нәтижесі $I_{0/12}^{(1)} = -414,69 \text{ A}$;

$$K_q = 3 \cdot I_0^{(1)} / I''_{12} = 3 \cdot 414,69 / 942,48 = 1,32 \geq 1,2;$$

Сезімталдық шарты қанағаттанды

$$t_{Л12}'' = \Delta t = 0,3c.$$

Төртінші сатыны есептеу

Төртінші сатының іске қосылу тогын I_{C3}^{IV} сыртқы үш фазалы қысқа тұйықталу кезіндегі ТТ-ң нөлдік сымындағы балансталмаған тогынан орнатуымыз керек. Бұл анықтама әдетте трансформатордың төменгі жағындағы Қ.Т. кезінде небаланс тогынан орнатуға сәйкес келеді.

$$I_{НБ} = K_H \cdot K_{ОДН} \cdot \xi \cdot I_{К.МАКС.}^{(3)}, \quad (3.9)$$

мұндағы $K_H = 1,2$ - реледегі қателікті және қажетті қорды ескеретін реттеу коэффициенті.

$K_{ОДН} = 1$ – ток трансформаторларының біркелкілік коэффициенті;

$I_{рас} = I^{(3)}_{к.макс}$ – желінің екі соңына қосылатын қосалқы станцияның трансформаторларынан кейінгі үш фазалық ҚТ-ның есептік тогы:

$\xi = 0,1$ - ток трансформаторының қателігі

Трансформатордың Т5 төменгі жағындағы үш фазалы ҚТ тоғы сұлбасы А қосымшасының А17 суретінде көрсетілген.

$$I_{НБ} = 1 \cdot 0,1 \cdot 0,5 \cdot 176,8 = 8,84 \text{ А};$$

$$I_{Л13}^{IV} = K_H \cdot I_{НБ} = 1,25 \cdot 8,84 = 11,05 \text{ А};$$

Сезімталдық коэффициентін анықтаймыз:

- 1) негізгі қорғаныс желісі;
- 2) резерв қорғаныс желісі.

Негізгі қорғаныс желісінің сезімталдық коэффициентін:

$$K_q^{IV} = \frac{3I_{0Л.МИН}^1}{I_{Л12}^{IV}}; \quad (3.10)$$

$I_{Л13}^{IV}$ - резервтелетін соңында бір фазалық ҚТ кезіндегі қорғаныс комплектінен ағатын тоқ.

Төртінші саты көршілес желілердің соңында орын алатын жерге ҚТ-лардың барлығын сезуі қажет.

$$K_q^{IV} = \frac{3 \cdot 414,69}{11,05} = 112,58 > 1,5;$$

Сезімталдық шартты қанағаттандырады

Резервті қорғаныс желісінің сезімталдық коэффициентін табамыз:

$$K_q^{IV} = \frac{3I_{0Л.МИН.РЕЗ}^I}{I_{Л5}^{IV}}, \quad (3.11)$$

мұндағы $I_{0Л.МИН.РЕЗ}$ – А18 суретінде көрсетілген үш фазалы қысқа тұйықталу тоғы.

$$K_q^{IV} = \frac{3 \cdot 171,3}{11,05} = 46,51 > 1,5;$$

Сезімталдық шартты қанағаттандырады

Төртінші сатының уақыт ұстанымын карсы-сатылы принцип бойынша(МТҚ сияқты) көршілес желінің үшінші сатысының уақыт ұстанымынан жоғарырақ алынады.Егерде көршілес желілер көп болса олардың арасындағы үшінші сатысы ең үлкен іске қосылу уақытқа иесі алынады.

- Л13 сатысының уақыт ұстанымы $t_{Л13}^P = 0,8$;
- Л12 сатысының уақыт ұстанымы $t_{Л12}^P = t_{Л13}^P + \Delta t = 0,8 + 0,5 = 1,3$;
- Л11 сатысының уақыт ұстанымы $t_{Л11}^P = t_{Л12}^P + \Delta t = 1,3 + 0,5 = 1,8$;
- Л13 4-ші сатысының уақыт ұстанымы $t_{Л13}^{IV} = t_{Л6}^P + \Delta t = 1,8 + 0,5 = 2,3$.

НРТҚ сатылары үшін реленің іске қосылу тоқтарын есептеу

НРТҚ желіге тоқ трансформаторларынан құрастырылған $3I_0$ фильтр арқылы қосылады.Сондықтан НРТҚ сатыларының іске қосылу тоқтары екіншілік токтарда берілуі қажет.

$$i_{CP}^I = I_{Л13}^I / n_{ТА}, \quad (3.12)$$

Бұл жерде $n_{ТА}$ - ток трансформаторларының трансформациялау коэффициенті, $n_{ТА} = 400/5 = 40$.

$$i_{CP}^I = I_{Л9}^I / n_{ТА} = 6567,6/80 = 82,09 \text{ А};$$

$$i_{CP}^{II} = I_{Л9}^{II} / n_{ТА} = 4593,6/80 = 57,42 \text{ А};$$


$$i_{CP}^{III} = I_{Л9}^{III} / n_{ТА} = 4204,2/80 = 52,55 \text{ А};$$

$$i_{CP}^{IV} = I_{Л9}^{IV} / n_{TA} = 25,34 / 80 = 0,31 \text{ A};$$

НРТҚ-ның селективтілік картасы А1 форматтағы 1-ші сызда көрсетілген.

3.6 АВВ фирмасы REL 670 типінің параметрленуі

Параметрлену арнайы РСМ 600 программасы арқылы жүзеге асады. РСМ 600 Программаның жүзеге асуы келесі 5.6 суретінде көрсетілген.



Сурет 5.6 – Проект құрамы

Кесте 5.6 – REL 670 EF4PTOC типінің параметрлері

Барлық сатыларға ортақ				
Тағайындаманың аты	Тағайындама диапазоны		Тағайындаманы таңдау	Тағайындамаға түсініктеме
	Min	Max		
Operation	Вykl (өшіру)	Вкл (қосу)	Вкл (қосу)	Активизация

IBase	1	99999	53	Базистік ток (номиналды ток), А
UBase	0,05	2000,00	110,00	Базистік кернеу (номиналды кернеу), А
AngleRCA	-180	180	65	Реленің сипаттамалық бұрышы, deg (орнатылған мән)
polMethod	-	-	По напряжению	Поляризация типі (орнатылған мән)
IN>Dir	1	100	10	Бағытталуды анықтау үшін нөл реттік тоқтың минималды деңгейі, % (орнатылғын мән)
BlkParTransf	Выкл (өшіру)	Вкл (қосу)	Вкл (қосу)	Трансформаторлардың параллель жұмыс істеу кезінде қоғаныстық логиканың қосылуы
UseStartValue	IN>1	IN>4	IN>4	Трансформаторлардың параллель жұмыс істеу кезінде қоғаныстың ток бойынша орнатылған мәні
SOTF	Выкл (өшіру)	Вкл (қосу)	Выкл (өшіру)	SOTF логикасының жұмыс режимі

EF4PTOC:1 1-ші сатының параметрлері

DirModel	-	-	Прямое (тура)	1-ші сатының бағытталу режимі
Characterist1	-	-	ANSI независсимая	Ток-уақыттық сипаттаманың типі
IN1>	1	2500	82,09	Нөл реттік ток бойынша қосылудың орнатылған мәні, %IB
t1	0,000	60,000	0,000	1-ші сатының тәуелсіз уақыт ұстанымы, с
k1	0,05	999,00	0,05	Орнатылған мән

Кесте 5.6 – Жалғасы

IMin1	1,00	10000,00	2894.97	1-ші сатының минималды тоғы, %IB
t1Min	0,000	60,000	0,000	1-ші сатының инверстік сипаттамасының минималды қосылу

				уақыты, с
IN1Mult	1,0	10,0	2,0	Көбейту коэффициенті (орнатылған мән)
RestTypeCrv1	-	-	Мгновенный	1-ші сатының қайту қисығының типі (орнатылған мағына)
tReset1	0,000	60,000	0,020	1-ші сатының қайту уақыт ұстанымы, с
EF4PTOC:1 2-ші сатының параметрлері				
DirMode2	-	-	Прямое (тура)	2-ші сатының бағытталу режимі
Characterist2	-	-	ANSI независимая	Тоқ-уақыттық сипаттаманың типі
IN2>	1	2500	57,42	Нөл реттік тоқ бойынша қосылудың орнатылған мәні, %IB
t2	0,000	60,000	0,300	2-ші сатының тәуелсіз уақыт ұстанымы, с
k2	0,05	999,00	0,05	Орнатылған мән
IMin2	1,00	10000,00	4593,60	2-ші сатының минималды тоғы, %IB
t2Min	0,000	60,000	0,300	2-ші сатының инверстік сипаттамасының минималды қосылу уақыты, с
IN2Mult	1,0	10,0	2,0	Көбейту коэффициенті (орнатылған мән)
RestTypeCrv2	-	-	Мгновенный	2-ші сатының қайту қисығының типі (орнатылған мағына)
tReset2	0,000	60,000	0,020	2-ші сатының қайту уақыт ұстанымы, с
EF4PTOC:1 3-ші сатының параметрлері				
DirMode3	-	-	Прямое (тура)	3-ші сатының бағытталу режимі

Кесте 5.6 – Жалғасы

Characterist3	-	-	ANSI независимая	Тоқ-уақыттық сипаттаманың типі
IN3>	1	2500	52,55	Нөл реттік тоқ бойынша қосылудың орнатылған мәні, %IB

t3	0,000	60,000	0,600	3-ші сатының тәуелсіз уақыт ұстанымы, с
k3	0,05	999,00	0,05	Орнатылған мән
IMin3	1,00	10000,00	4204,20	3-ші сатының минималды тоғы, %IB
t3Min	0,000	60,000	0,600	3-ші сатының инверстік сипаттамасының минималды қосылу уақыты, с
IN3Mult	1,0	10,0	2,0	Көбейту коэффициенті (орнатылған мән)
RestTypeCrv3	-	-	Мгновенный	3-ші сатының қайту қисығының типі (орнатылған мағына)
tReset3	0,000	60,000	0,020	3-ші сатының қайту уақыт ұстанымы, с
EF4PTOC:1 4-ші сатының параметрлері				
DirMode4	-	-	Прямое (тура)	4-ші сатының бағытталу режимі
Characterist4	-	-	ANSI независимая	Тоқ-уақыттық сипаттаманың типі
IN4>	0,1	2500	0,31	Нөл реттік тоқ бойынша қосылудың орнатылған мәні, %IB
t4	0,000	60,000	2,300	4-ші сатының тәуелсіз уақыт ұстанымы, с
k4	0,05	999,00	0,05	Орнатылған мән
IMin4	1,00	10000,00	25,34	4-ші сатының минималды тоғы, %IB
t4Min	0,000	60,000	2,300	4-ші сатының инверстік сипаттамасының минималды қосылу уақыты, с
IN4Mult	1,0	10,0	2,0	Көбейту коэффициенті (орнатылған мән)

Кесте 5.6 – Жалғасы

RestTypeCrv4	-	-	Мгновенный	4-ші сатының қайту қисығының типі (орнатылған мағына)
tReset4	0,000	60,000	0,020	4-ші сатының қайту уақыт ұстанымы, с

5 Тіршілік қауіпсіздігі

5.1 Еңбек шарттарын талдау

110/10 қосалқы станциясының еңбек шарттарын талдау.

Бұл дипломдық жұмысымдағы №6-қосалқы стансасы Республикамыздың оңтүстік бөлігінде Алматы облысы Карасай ауданы Үш қоныр ауылында орналасқан. Қосалқы станса қаланың сырт жағында, яғни жергілікті тұрғындарға кедергі жасамайды және оған арнайы шарттар қойылады. Қосалқы стансада үш фазалық ТДТ-16000/110/10 үш орамды трансформатор орнатылған. Өзіндік қажеттілікке қорек ететін 10/0,4 кВ-ты трансформатор бар.

Еңбек шарттары адамның денсаулығын және жұмыс қабілетін анықтайды. Жұмыс шартының жағдайы өндірістік факторлардың болуымен анықталады. Қосалқы станса еліміздің Алматы өңірінде орналасқан. Ол жақтың климаты күрт өзгермелі континенталдылық байқалады. Жауын – шашын мөлшері 200-300 мм болып келеді. Жаз мерзімі ыстық, қыс мерзімінде суық арқалай байқалады. Еңбек шартын талдау қосалқы стансадағы факторларын зерттеудің барлық кешенін болжайды. Әр әсер ету параметрін өлшеу әдісі сәйкес нормативті құжаттармен және әр түрлі әдістермен, мысалы практикаға пайдалы дәлдікпен дерексіз сандарда көрсетілген мәндерді қолдана отырып, эксперттік (мамандық) әдіспен айтылады. Мұнда шарттың әр элементі оның түріне және жұмыс істеп тұрған адамға әсер ету уақытындағы қандай да бір балл санымен бағаланады. Осы қосалқы станцияда 5 қызметкер жұмыс істейді. Олар: қосалқы стансадағы басшы, кезекші электромонтерлер. Біздің қосалқы станса заманауи электр қондырғыларымен жабдықталғандықтан, ол көп адам санын қажет етпейді және ондағы жұмыс ауырлығы жеңіл болып саналады. Жұмысшылар ауысыммен 8 сағат жұмыс жасайтын болады.

Біздің қосалқы стансаның жарықтану түрі жасанды болады. Себебі қосалқы стансамыздың айырғыштары, ажыратқыштары, трансформаторлары ашық жерде орналасқан, ал тарату құрылғы ұяшықтары және басқару орындары жабық бөлмеде орналасады. Ашық тарату құрылғылары күндіз күн жарығымен жарықталып, түнде 4 ДРЛ шамдарымен жарықтанатын болады. Ал жабық тарату құрылғыларының жарықтануына келетін болсақ, оларды күндіз де түнде де люминесценттік лампалар жарықтандыратын болады.

Қосалқы стансаның микроклиматы – адамның организміне әсер ететін температураның, ылғалдылықтың және ауаның қозғалыс жылдамдығының сәйкестілігімен анықталатын осы бөлмелердің ішкі орта метрологиялық жағдайлары болып табылады. Микроклиматты сипаттайтын көрсеткіштер: температура, салыстырмалы ылғалдылық және ауаның қозғалыс жылдамдығы; жылулық сәулеленудің интенсивтілігі. Әдетте, микроклиматты жұмысшылардың жұмыс орнының деңгейінен екі метр биіктікке дейінгі кеңістікті білдіретін жұмыс зонасында бағалайды. Адамға ұзақ уақыт жүйелі

түрде әсер ету барысында организмнің жылулық күйінің ауыспалы және тез арада қалпына келу өзгерісіне әкелетін микроклимат параметрлерінің күйі, физиологиялық мүмкіндіктердің шектерінен шықпайтын терморегуляция (термобасқару) механизмдерінің кернеуімен жалғасады. Рұқсат етілетін климаттық жағдайлар шарттары, өндірістің технологиялық талаптары және эконимикалық себептер бойынша оптималды жағдайды қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда болуы мүмкін.

Ауа температурасы адамның күйіне және еңбек жемісіне елеулі әсер етеді. Ауаның ылғалдылығының жоғарылауы ылғалдың тері және өкпе бетінен булануын қиындатады, бұл өз кезегінде организмнің терморегуляциясын бұзады.

Ауа қозғалысының жылдамдығы жұмыс зонасында микроклимат орнатуда елеулі рөл атқарады.

Микроклиматтың берілген параметрлері өндіріс орындарында әр түрлі шаралар қатарымен қамтамасыз етіледі. Бірақ, ең үздік технологияны қолданғанның өзінде ауаға зиянды заттардың түсуін жою мүмкін емес. Мұндай жағдайларда желдету қолданылады. Желдету табиғи және жасанды болады.

Табиғи желдету кезінде ауа алмасу ауа температурасының айырмашылығымен жүзеге асырылады. Механикалық желдету кезінде ауаның орын ауыстыруы ауа айдағыш жүйесі арқылы желдеткіштер көмегімен іске асырылады.

Микроклимат күйін бақылау жұмыс орнының температурасын, ауа ылғалдылығын және ауа қозғалысы жылдамдығын өлшеу көмегімен жүргізіледі.

Кесте 5.1 Жұмыс категориялары бойынша микроклимат параметрлерінің оптималды және рұқсат етілетін мәндері

Жыл мезгілі	Жұмыс категориясы	Температура		Салыстармалы ылғалдылық		Ауа қозғалысының жылдамдылығы, м/с	
		Ықтим.	Рұқ.етіл	Ықтим.	Рұқ.етіл	Ықтим.	Рұқ.етіл
Суық	Орта ауырлық IIa	18 – 20	15 – 24	40 – 60	75	0,2	0,3-тен көп емес
Жылы	Орта ауырлық IIa	21 – 23	17 – 23	40 – 60	65	0,3	0,2 – 0,4

Шу және дірілмен күресуді өнеркәсіпті, жұмыс орнын, жабдықтарды жобалау барысында қарастыру керек. Бұл үшін ұйымдастырушылық,

техникалық және медико-профилактикалық шаралар қолданылады. Ұйымдастырушылық шараларға өндірістік бөлімдердің, жабдықтар мен жұмыс орындарының рационалды орналастыру, жұмысшылардың еңбегі мен дем алысын үнемі бақылау, жабдықтарды және санитарлық-гигиеналық талаптарға сай емес жұмыс орындарын қолдануды шектеу. Біздің қосалқы стансамыздағы жабық тарату құрылғысында шудың көзі электронды аппараттарды қызуынан сақтайтын желдеткіштерден болуы мүмкін. Оның шу нормадағы талаптарға сай келеді және уақытылы шаң тозаңнан тазартылып тұрады. Ал ашық тарату құрылғысында шу көзі трансформатор болады. Қосалқы станса жаңадан және де соңғы техникалармен қамтамасыз етілгендіктен трансформатор барлық талаптарға еркін жауап бере алады.

Өрт қауіпсіздігі Қазақстан Республикасында белгіленген талаптарына сәйкес жасалынатын болады. Өртсөндіргіштер қызметкерлерге көрнекті және оңай жетімді жерде орналасуы тиіс. Және апаттық жағдайда тез арада бөлмеден шығу жолдары көрсетілген бөлме схамасы болуы керек.

Электр тоғына түсіп қалғанда төмендегі зақымдалулар болуы мүмкін: күйіп қалу, терінің металдануы, электр белгілері, электроофтальмия, электр соққысы, механикалық зақымдалулар:

- электр күйігі электр тоғының жылулық әсерінде пайда болады. Электр доғасының әсері нәтижесінде пайда болатын күйік өте қауіпті болып табылады, өйткені оның температурасы $+3000-6000^{\circ}\text{C}$ аралығында болады;

- терінің металдануы электр тоғының әсерінен металдың майда бөлікшелері теріге сіңуі нәтижесінде болады. Соның нәтижесінде терінің электр өтімділігі жоғарылайды, яғни оның кедергісі күрт төмендейді.

Электр белгілері деп, тоқ жүретін бөліктермен тығыз байланыста болғанда, яғни оны қысып ұстағанда теріде сұр немесе ақшыл – сары түсті дақтың қалуын айтамыз.

Электроофтальмия дегенде электр доғасының ультрафиолеттік сәулесі әсерінен көздің сыртқы қабатының зақымдалуын түсінеміз.

Электр соққысы болғанда, адам организмі жалпы зақымданады, яғни нерв және жүрек тамырларының бұзылуы, бұлшық еттерінің тырысуы пайда болады.

Механикалық зақымдалулар (тканның бөлшектенуі, сынықтар) адам бұлшық еттерінің тырысуы және де электр тоғының әсерінен төбеден құлау нәтижесінде болады.

Электр қауіпсіздігі дегеніміз – ол, электромагниттік өрістің, статикалық электрленудің, электрлік доға мен электр тоғының зиянды және қауіпті әсерінен адамдарды қорғауды қамтамасыз ететін ұйымдастырылған және техникалық жұмыстар мен шаралардың жүйесі.

Егер адамның екі нүктесі арасында потенциалдар айырмасы болса, онда адам денесі арқылы электр тоғы жүреді. Адам бір уақытта жанасқан екі нүктелік тоқ тізбегі арасындағы кернеу -жанасу кернеуі деп аталады.

Дене арқылы жүретін электр тоқ адамға жылулық, биологиялық және электролиттік әсер етеді.

Тоқтың жылулық әсері электр энергиясының жылуға айналуында сезіледі және ол терінің, тканның және қан тамырларының қызуын тудырады.

Тоқтың биологиялық әсері тоқтың бұлшық еттер арқылы жүруінде оның қысқаруын тудырады.

Тоқтың электролиттік әсері қан құрамының өзгеруіне алып келеді.

Дыбыстық қамтамасыз етудің аппараттық бөлмесі арасындағы әуе шуының изоляция индексі 50дБ-ден кем болмауы керек. Дыбысты қамтамасыз етудің аппараттық бөлмесінің қабырғалары мен төбесі 500 - 2000Гц жиіліктер диапазонында дыбысты жұту коэффициенті 0,6-дан кем болмайтын дыбысты жұтқыш материалдармен қапталуы керек. Дыбысты қамтамасыз ету жүйесінің барлық техникалық аппараттық бөлмелерінің едендері шаң тудырмайтын болмауы және күнделікті ылғалды жинастыру жұмыстарын өткізуге мүмкіндік беретін (метлах тақтасы, линолеум) болуы керек.

Нөлдеу дегеніміз, кернеу астында қалуы мүмкін болған электр қондырғысының металды бөліктерін қорғаныстық нөлдік сыммен қосуды айтамыз.


Нөлдеудің мақсаты – бір фазалы қысқа тұйықталуда корпусқа өтіп кетуінің алдын - ала отыра, қорғанысты іске қосып және қоректену торабынан электр қондырғысын минимум уақыт ішінде ажырату.

Қорғаныстық жерге қосу дегеніміз, кернеу астында қалуы мүмкін болған электр қондырғысының металды бөліктерін жермен арнайы қосуды айтамыз. Қорғаныстық жерге қосуды машина корпусының, аспаптардың, электр инструменттерінің, каркас, щит, пульт және шкафтардың металды корпустарына, сонымен бірге кабелдік муфталар, электр сымның болаттан жасалған трубаларының металды бөліктеріне жүргізеді.

Қорғаныстық жерге қосудың мақсаты, ол корпус пен жер арасындағы кернеуді, яғни жанасу кернеуін және де соған байланысты адам денесі арқылы жүріп өтетін тоқты қауіпсіз шамаға дейін азайту болып табылады.

Жерге қосу құрылғысы жерге қосқыштан және жерге қосатын сымдардан тұрады

Қорғаныстық ажырату дегеніміз, электр қондырғысына токқа түсіп қалу қауіпі туған кезде, оны автоматты түрде ажыратуды қамтамасыз ететін тез әрекет етуші қорғаныс.



Сурет5.1. Бөлме жоспары

- 1-Жұмыс бөлмесі;
- 2-Өртсөндіргіштер және өрт сөндіру қалқаны ;
- 3-Жұмысшылар бөлмесі;
- 4-Есіктер;
- 5-Ұяшықтар;
- 6-Кондиционер;

5.2.Жасанды жарықтандыруды есептеу

Бөлме үшін мен «Жарық техникасы» каталогынан маркасы ПВЛМ-1×40, қуаты 40 Вт болатын шамдалды таңдап алдым.(Мананбаева С.Е.)

Конструкция. Цельнометаллическая дәнекерленген корпуста жылу реактивті бояумен жабылған жапырақ бола бастады. Корпуста ішінде электрондық пускорегулирующий аппарат қойылған. Оптикалық бөлік. Қорғайтын параболалық кереге бүркеме серіппелерге корпуста бекітілген анодтаған алюминиден жасалған.



Рис. 1. Люминесцентная лампа

Сурет 5.2 Люминесценттік лампа

$$H_{ec} = H - (h_{ш} + h_{ec})$$

H_{ec} – жұмыс кеңістігінен шамдалдың іліну, м.

H – бөлме биіктігі, м.

$h_{ш}$ – шамдалдың іліну биіктігі, м.

h_{ec} – еденнен жұмыс істеу кеңістігіне дейінгі, м.

Менің таңдауым бойынша $h_{шбер} = 0$ м, $h_{ед} = 0$ м.

$$h_{ш} = h_{шбер} + h_{ед} = 0 + 0 = 0 \text{ м}$$

где $h_{шбер}$ – шамдалдың биіктігі, м

$h_{ед}$ – еденнен биіктік, м

$$H_{ec} = 4 - (1,2 + 0,4) = 2,4 \text{ м}$$

КСС тип Г 0,8÷1,1. Мен таңдаған ЛЛ үшін $\lambda_3 = 0,8$ (из справочной книги для проектирования электрического освещения под редакцией Г.М. Кнорринга.)

$$\lambda = L \div H_{ec} \rightarrow L = \lambda \cdot H_{ec} = 0,8 \cdot 2,4 = 1,92 \text{ м} \quad (5.1.1)$$

Шамдардың қатарларын анықтаймыз:

$$R = \frac{B - 2l}{L} + 1 \quad (5.1.2)$$

$$l = 0,3 * L = 0,3 * 2,08 = 0,624 \text{ м} \quad (5.1.3)$$

$$R = \frac{B - 2l}{L} + 1 = \frac{6 - 2 \cdot 0,6}{2} \approx 3 \text{ қатар} \quad (5.1.4)$$

$$N_R = \frac{A - 2l}{L} + 1 = \frac{12 - 2 \cdot 0,6}{2} \approx 5 \text{ дана} \quad (5.1.5)$$

$$N_{ш} = N_R * R = 5 * 3 = 15 \text{ дана}$$

Демек, бөлмедегі шамдар саны $N_{ш} = 15$ дана

$$L_B = \frac{B - 2l}{R - 1} = \frac{6 - 2 \cdot 0,6}{3 - 1} \approx 2,4 \text{ м} \quad (5.1.6)$$

$$L_A = \frac{A - 2l}{N_R - 1} = \frac{12 - 2 \cdot 0,6}{5 - 1} \approx 2,7 \text{ м} \quad (5.1.7)$$

Тексеру:

$$1 \leq \frac{L_A}{L_B} \leq 1,5 \quad \frac{L_A}{L_B} = \frac{2,7}{2,4} = 1,125 \quad (5.1.8)$$

Бөлменің ауданы төмендегідей болады:

$$S = A \cdot B = 12 * 6 = 72 \text{ м}^2 \quad (5.1.9)$$

Бөлме индексін анықтаймыз (определяемый соотношением размеров освещаемого помещения):

$$i = \frac{A \cdot B}{H_{ec}(A+B)} = \frac{72}{2.4 \cdot (12+6)} = \frac{72}{2.4 \cdot 18} = \frac{72}{43.2} = 1.67 \quad (5.1.10)$$

мұнда A, B – бөлме ұзындығы мен ені, м;
 H_{ec} жұмыс кеңістігінен шамдалдың орналасуы, м.

Бөлменің жарықтану коэффициентіне сүйене отырып, пайдалану коэффициентін анықтаймыз (таблица 5-12 справочная книга для проектирования электрического освещения. Г.М. Кнорринг)

$$\eta = 0.61 \text{ немесе } 61\%$$

Қор коэффициенті – 0,8 (коэффициент запаса приведен в таблице 4-5 из справочной книги для проектирования электрического освещения под редакцией Г.М. Кнорринга.)

Бөлменің минималды жарықтану коэффициенті $z = 1,1$.

Шамның жарықтық ағымын анықтаймыз:


$$\Phi_{шам} = \frac{E_n \cdot K_{кор} \cdot S \cdot z}{N \cdot \eta} = \frac{300 \cdot 0.8 \cdot 72 \cdot 1.1}{15 \cdot 0.61} = \frac{114048}{48.75} = 2077.38 \text{ лм} \quad (5.1.11)$$

Бұл бөлме үшін мен «Жарық техникасы» каталогынан маркасы ПВЛМ-1×40, қуаты 40 Вт болатын шамдалды таңдап алдым. Шамдалдағы бір шамның көрсеткіші – 2250 лм.

Жарықтану ағымының шығыны төменднгідей анықталады:

$$\Delta\Phi = \frac{\sum \Phi_H - \Phi_{шам}}{\Phi_H} = \frac{2250 - 2077.38}{2250} \cdot 100\% = -7.67\% \quad (5.1.12)$$

Қателік $-10 \leq \Delta F \leq 20$ интервал арасында жатқасын, жарықтану жақсы болады.



Сурет 5.3 Бөлме

5.2.1 Диспетчерлік қызмет орындағы ауаны алмастырылуды есептеу (Мананбаева С.Е.)

Ауаны алмастырудың мерзімі жылудың артығын жою үшін, оперативті диспетчерлік мекеме жазда және қыста енгізілетін ауаның мөлшерін анықтау қажет.

Әуе ортаның талап еткен көрсеткіштерін қамтамасыз етуге қажет ауаның мөлшерін есептеуге қажет ауаның мөлшерін есептеу арқылы анықтауға болады. Мұндайда мекеменің түрі мен өндірістік зиянын есепке алу қажет. Оперативті-диспетчерлік жылу бөлетін жылудың артық мөлшері бар.

Артық жылу мекемеде ($Q_{\text{бөл}}$) бөлінетін және мекемеде шығатын ($Q_{\text{шығ}}$) жылудың әртүрлілігімен анықталады:

$$Q_{\text{арт}} = Q_{\text{бөл}} + Q_{\text{шығ}} \quad (5.2.1)$$

$$Q_{\text{бөл}} = Q_1 + Q_2 + Q_3 + Q_4 \quad (5.2.2)$$

Жылудың негізгі көздері:

Q_1 - технологиялық жабдықтан шыққан жылу.

$$Q_1 = \Psi_1 \Psi_2 \Psi_3 N_{\text{ном}} \quad (5.2.3)$$

Ψ_1 - кедергі реттеудің номиналды қуатын арттырғанда есептелетін, қуатты

қолданудың коэффициенті ($\Psi = 0,7 \div 0,9$);

Ψ_2 - жүктеменің коэффициенті, яғни қуатты орташа қолдану көлемінің максималды қажеттікке қатнасы ($\Psi_2 = 0,5 \div 0,8$);

Ψ_3 - кедергінің біруақытта жұмыс істеу коэффициенті ($\Psi_3=0,5\div 1$)

$N_{ном}$ - кедергіні реттеудің номиналды қуаты $N_{ном}=350Вт$. Бұл жағдайда, яғни жұмыс істейтін қалқаннан бөлінетін жылудың мөлшері мен үш коэффициентің қосындысы нөлге тең, онда $Q_1=0$.

Q_2 - адамдардан бөлінетін жылу;

$$Q_1=n q_{адам} \quad (5.2.4)$$

n-жұмысшылардың саны, $n=5$ адам;

$q_{адам}$ - бір адамдан жылу шығыны (80-116Вт);

Диспетчерлі бөлімінде адамдар дене еңбегімен көп айналыспайды, сондықтан шығын аз, онда $q_{адам}=80Вт$ деп аламыз.

$$Q_2=5 \cdot 80=400Вт.$$

Q_3 - терезенің ойықтарынан кіретін күн радиациясы әкелетін жылу,

$$Q_3=F_0 \cdot m \cdot K \cdot q \quad (5.2.5)$$

мұнда F_0 - диспетчер бөлігіндегі бір терезенің ауданы;

$$F_0=1,7 \cdot 4,36=7,4м^2;$$

m-терезелердің саны;

q_c - терезенің $1м^2$ кіретін жылу

Бір қабатты терезе мен яғни қапсырмалы және қабатты терезелерге $K=0,6$ деген түзету коэффициенті енгізіледі. Онда:

$$Q_4=5 \cdot 7,4 \cdot 0,6 \cdot 224=1990Вт$$

Қыс кезінде күн радиациясы кіретін жылу нөлге тең.

Q_4 - жарық көзінен бөлінетін жылу

$$Q_4=\varphi \cdot N_{жар} \quad (5.2.6)$$

Диспетчер мекемедегі жарықтың қуаты, $N_{жар}=320Вт$.

$$Q_4=0,8 \cdot 320=256Вт$$

Диспетчер мекемесіне түсетін артық жылу:

Жазда $Q_{арт.ж} Q_1+Q_2+Q_3+Q_4=160+1990+256=2406$ Вт,

Қыста $Q_{арт.ж} Q_1+Q_2+Q_3+Q_4=160+0+256=416$ Вт,

Толық жылуды кеміту үшін диспетчер бөліміне енгізілетін ауаның мөлшері төмендегідей өрнекпен анықталады:

$$L_T = \frac{Q}{C(t_{\text{бөл}} - t_{\text{к}}) \gamma_{\text{бөл}}} [M^3 / \text{ч}] \quad (5.2.7)$$

Q - мекемедегі артық жылу, кВт;

C - құрғақ ауадағы жылудың көлемі, анықтамалық көлемі $C=0.278$ кДж (кг·°К);

$t_{\text{бөл}}$ ~ бөлінетін ауаның температурасы, °С;

$t_{\text{к}}$ - кіретін ауаның температурасы, °С;

$\gamma_{\text{бөл}}$ ~ температурадағы тәуелді анықталатын бөлінген ауаның тығыздығы (кг/м³)

Мекемеден шығатын ауаның температурасы эмпирикалық өрнекпен анықталады:

$$t_{\text{бөл}} = t_{\text{жк}} \cdot K(H - h) \quad (5.2.8)$$

$t_{\text{жк}}$ - аэрациясының жұмысы кезіндегі аймағының ауа температурасы сыртқы ауаның температурасы 3-к°С және жоғары бағанада $i_{\text{жк}}$ қабылданады);

K - мекеменің биіктігі мен өсетін температурасының коэффициенті;

H - тігіннен қарағанда еденнен фрамугтың орташа дейінгі ара қашықтығы, м;

h - жұмыс аймағының биіктігі, м;

Диспетчерлік бөлмеге бөлінетін ауаның 28°С температурасын қабылдаймыз.

Жаз мезгілінде сыртқы ауаның температурасы 25°С тең деп аламыз, ал қыс мезгілінде 20°С анықтама бойынша берілетін ауаның тығыздығы 1,185 кг/м³ және 1,205 кг/м³ құрайды.

Артық жылуды кеміту үшін диспетчер мекемесіне қажет ауаның мөлшері:

$$L_T = \frac{Q}{C(t_{\text{бөл}} - t_{\text{к}}) \gamma_{\text{бөл}}} = \frac{2406}{0.278 \cdot (28 - 25) \cdot 1,185} = 2434.5 \text{ м}^3 / \text{сағ}$$

$$L_T = \frac{Q}{C(t_{\text{бөл}} - t_{\text{к}}) \gamma_{\text{бөл}}} = \frac{416}{0.278 \cdot (28 - (-20)) \cdot 1,205} = 25.9 \text{ м}^3 / \text{сағ}$$

Ауаның алмасу мерзімі төмендей өрнекпен анықталады.

$$K = L_T / V \quad (5.2.9)$$

V - мекеме көлемі, м²;

Жұмыс бөлмесінің ұзындығы 12м, ені 8м, биіктігі 3м болғандықтан, диспечер бөлмесінің көлемі $12 \cdot 8 \cdot 3 = 288 \text{ м}^3$

Одан шығады, жазда $K_n = 676,8 / 288 = 2,35$ (1сек)

қыста $K_n = 43,2 / 288 = 0,15$ (1сек)

Вентиляцияны есептегенде кондиционерлер санын мына формуламен анықталады:

$$n = L_{\text{норм}} / L_q \quad (5.2.10)$$

мұндағы L_q – кондиционердің өнімділігі.

CP 10 үшін, вентиляцияны қамтамасыз ету шартынан:

$$n = L_{\text{норм}} / L_q = 2434,5 / 1891 = 1,3 \text{ дана.}$$

Вентиляция мен кондиционерлеуді 288 м^3 есептелінген кондиционерді қолданамыз. Қажетті саны – екі дана.

DELONGHI (Италия) фирмасының қабырғалы CP сериясының 230/1/50 кондиционердің техникалық параметрлері 2-кестесінде көрсетілген.

Кесте 5.2.1 - DELONGHI (Италия) фирмасының қабырғалы CP сериясының 230/1/50 кондиционерінің техникалық сипаттамалары:

Кондиционер моделі		CP 10
Электрқоректену	В/ф/Гц	230/1/50
Салқындату өнімділігі	Вт	1891
Қолданылатын электр қуаты	Вт	650
Жұмыс тогы	А	2,8
Ылғалдылықты жою	л/4	1
Жылу өнімділігі	Вт	2052
Ішкі блогі		
Ауа ағыны (макс)	м ³ /ч	320
Өлшемдері:		
- ұзындығы	мм	750
Кондиционер моделі		CP 10
- биіктігі	мм	270
- терендігі	мм	175
Ішкі блогі		
Ауа ағыны (макс)	м ³ /ч	950
Өлшемдері:		

- ұзындығы	мм	660
- биіктігі	мм	500

Жүргізілген есептеу негізінде кондиционерді таңдаймыз:

Сурет 5.2.1- DELONGHI (Италия) фирмасының қабырғалы CP сериясының 230/1/50 кондиционері

Ғимаратта кондиционерлерді орналастыру орны суретте көрсетілген

Сурет 5.2.2- DELONGHI (Италия) фирмасының қабырғалы CP сериялы 230/1/50 кондиционерді орналастыру орны

Қорытынды

Менің дипломдық жобамның өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлігінде қосалқы стансадағы жалпы мәліметтер жайлы, яғни ондағы қызметкерлер саны, олардың жұмыс уақыты, құрылыстың орналасуы, жарықтандыру жүйелері және адам қауіпсіздігіне байланысты ақпараттар бар. Сонымен қатар қосалқы стансадағы жерлендіру мен жабық тарату құрылғы бөлмесін жасанды жарықтандыруы есептелінген. Біріншіден, мен жұмыс бөлмесіндегі жарықтандыру мәселелерін анықтап, шештім. Бұл жарықтандыру жұмыстары-адам және оның жұмысының қауіпсіздігінің ең алғы шарттарының бірі. Жұмыс бөлмесі үшін ПВЛМ-1×40, қуаты 40 Вт болатын шамдарды таңдадым да, олардың 15 данасын орнаттым.

Екіншіден, қызмет орнындағы ауа алмастырылуының есептедім. Ол үшін бірінші жаздағы мен қыс мезгіліндегі бөлмеге енетін ауаның мөлшерін біліп алып, жылудың негізгі көздерін есепке алдым. Ол- жабдық пен адамдардан, ал жазғы күні күннің жылуы және жалпы ауа температурасыда қосылады.

5 Экономикалық бөлім

5.1 Жалпы бөлім

5.1.1 Жобаны жасаудың мақсаты

Бұл жобаның мақсаты “ Қосалқы станса № 6” салудағы экономикалық тиімділіктің есептік мәндерін көрсету.

Салынып жатқан қосалқы станса Алматы қаласында орналасады. Қосалқы станса тұрғын үйлер секторынан тыс аумақта орналастыру көзделіп отыр. Оның электр тарату желілерін темірбетон тіректерден салу арқылы максималды эксплуатациялық шығындарды азайту жобалануда.

Қосалқы станса құрамына 110/10 кВ қуаттары 16 МВА екі трансформатор, ашық тарату құрылғылары, комплектілі тарату құрылғылары және ортақ қосалқы станса басқару ғимараты кіреді.

5.1.2 Электр энергиясының тарифі

Алматы қаласындағы электр энергиясы 2014 жылдың наурыз айындағы тарифіне сәйкес 16,21 теңге/кВт·сағ құрайды. Қосалқы стансаның баға түрлену механизмі және оның құрамаларын қарастырайық:

- электр стансасынан электр энергияны сатып алу (8,0 теңге/кВт·сағ);
- КЕГОК ҰЭТ тарифі (1,4 теңге/кВт·сағ);
- «АЖК» тарифі (5 теңге/кВт·сағ);
- «А.Ж.О» ЖШС жеке тарифі (0,763 теңге/кВт·сағ).

Сол кезде қосалқы стансаның электр энергиясының өзіндік құны 15,16 теңге/кВт·сағ құрайды. Электр энергияны тұтынушыларға 16,21 теңге/кВт·сағ бағасымен сатқан кезде, ЖШС 1,05 теңге/кВт·сағ көлемінде кіріс алады.

5.1.3 Өндіріс жоспары

№6 қосалқы стансаның құрылыстық нормативтерге сәйкес 12 ай ішінде салынып бітеді.

Қосалқы стансаның жүктелу коэффициенті $K_3=0,7$, қуат коэффициенті $\cos\alpha=0,8$, өзіндік мұқтаждық трансформаторлардың қуаттарының 10 пайызын құрайды, жобаланып отырған қосалқы стансаның максималды жүктелу уақыты 5000 сағат.

5.2 Энергетикалық нысанның техника-экономикалық көрсеткіштерін есептеу

5.2.1 Электр стансасын салуға қажетті қаржыны анықтау

Қосалқы стансаның элементтерінің едәуір физикалық және моральдық тозуы зардапқа әкеледі. Бұл зардап электр тоғымен жабдықтаудың жиі бұзылуы және электр энергиясының толығымен жіберілмеуі түрінде болуы мүмкін.

Бұл қосалқы станса шамамен 20-30 жылдан астам уақыт бойы пайдаланыста болуы тиіс және де түбегейлі қайта құру мен модернизациялауды қажет етеді. Орта есеппен оның тозуы шамамен 60-70 пайызды құрайды.

Осыдан былай қосалқы стансаны пайдалану мүмкіндігі төмендейді. Бұл оның қайта қалпына келтіру мен жөндеу жұмыстарына кеткен шығындардың өсуіне байланысты болады.

Жобада қосалқы стансаның ажыратқыштарын майды аз қолданатын немесе элегазды ажыратқыштармен алмастыру нұсқалары қарастырылған.

Жобадағы салыстырылып отырған екі нұсқа да шамамен бірдей деңгейдегі сенімділікті көрсетеді. Сондықтан да тұтынушыларға электр энергиясының жіберілмей қалуынан болған мұнан арғы нұқсан ескерілмейді. Бұдан басқа электр тораптарының қажеттілігіне қажетті ақша бір уақытта салынады. Жылдық ұстанымдарды тұрақты деп санаймыз.

Электр стансасының модернизациялануына кететін капиталдық салымды анықтайық.

Қосалқы стансаға қажетті барлық қаржы салымдары бойынша есептеулер 5.2.1-кестеге енгізіледі.

Кесте 5.2.1 – Нысанға салынатын қаржы

ТҚ немесе жабдық	Жабдық саны	Бір жабдық құны, млн.теңге.	Жалпы құны, млн.теңге.
Ажыратқыш 110 кВ	8	9,4	75,2
Ажыратқыш 10 кВ	12	3,3	39,6
Айырғыш 110 кВ	2	1,340	2,68
Айырғыш 10 кВ	2	0,8	1,6
Трансформатордың РҚЖА	2	9	18
Желінің РҚЖА 110кВ	4	12	48
Желінің РҚЖА 10 кВ	8	11	88
Трансформатор	2	185	370
КТҚ 10 кВ	1	9,5	19
Барлығы:			662,08

Электр энергиясын тасымалдау желілері бойынша барлық қажетті қаржы салымдарды есептеулер 5.2.2-ші кестеге енгізіледі.

Осы нысанға керекті жабдыктарды мен ТОО КАЗТРАНСФОРМАТОР фирмасынан сатып аламын.5.2.1 кестеде көрсетілген жабдыктардың бағасы осы кездегі бағаларға сәйкес.

Кесте 5.2.2

Желі	Желі саны	Жалпы желінің ұзындығы, км	Бір км желінің құны, млн.теңге.	Желінің жалпы құны, млн.теңге (жөндеу базасы мен байланыс желісін қоспағанда)
110 кВ	2	59	4,4	259,6
10 кВ	8	56	1,7	95,2
Барлығы:				354,8

5.3 Инвестициялық жоспар

110/10 кВ 2х16 МВА № 6 қосалқы стансасының релелік қорғанысы және автоматты іске қосылу резерві қарастырылған. Бұл қосалқы станса 4 энергия жүйесінен қоректенеді. Төменгі кернеу жағынан 8 фидер шығып жатыр. Осы нұсқаға қажетті инвестицияны анықтаймыз. Инвестиция мөлшері желінің құны мен қосалқы стансаның жабдыктарының құнының қосындысынан табылады:

$$\Sigma K = K_0 + K_c + K_m + K_{пр}, \quad (5.1)$$

$$K_0 = 662,08 + 354,8 = 1016,88 \text{ млн.тг,}$$

мұндағы K_0 -қондырғылар сатып алуға кететін ақша жұмсау қаражаты, ΣK -ның 73 %-ын құрайды;

K_c -құрылыс жұмыстарына кететін ақша жұмсау қаражаты, ΣK -ның 14%-ын құрайды;

K_m -монтаждау және іске қосу, баптау жұмыстарына кететін ақша жұмсау қаражаты, ΣK -ның 7 %-ын құрайды;

$K_{пр}$ -басқа да шығындарға кететін ақша жұмсау қаражаты, ΣK -ның 6%-ын құрайды.

Қондырғылар сатып алуға кететін қаражат:

$$K = (1016,88 \cdot 100) / 73 = 1392,99 \text{ млн.тг} \quad (5.2)$$

Құрылыс жұмыстарына кететін қаражат:

$$K_C = (1392,99 \cdot 14) / 100 = 195,02 \text{ млн.тг} \quad (5.3)$$

Монтаждау және іске қосу, баптау жұмыстарына кететін қаражат:

$$K_M = (1392,99 \cdot 7) / 100 = 97,51 \text{ млн.тг} \quad (5.4)$$

Басқа да шығындарға кететін қаражат:

$$K_{\text{ПР}} = (1392,99 \cdot 6) / 100 = 83,58 \text{ млн.тг} \quad (5.5)$$

Бұл мәнді (6.1) формулаға қойып есептесек:

$$\sum K = 1016,88 + 195,02 + 97,51 + 83,58 = 1392,99 \text{ млн.тг} \quad (5.6)$$

Зауыттың қосалқы стансасында қуаты 16 МВА екі трансформатор орнатылған. Сонда толық қуатымыз $S = 32$ МВА болады. $\cos \varphi = 0,8$ деп аламыз. Сонда:

$$P = S \cdot \cos \varphi, \quad (5.7)$$

$$P = 32 \cdot 0,8 = 25,6 \text{ МВт},$$

мұндағы $\cos \varphi$ – активті қуат коэффициенті.

Келісімді қуат W – энергожабдықтау құрылымымен келісілген максималды жүктеме кезіндегі абоненттің есептік сағаттық қуаты.

Трансформатор үш ауысымдық режимде жұмыс істейді. Сондықтан трансформаторлардың максимум қолдану сағат саны $T_m = (4800 - 6000)$. Максимумды қолдану уақыты $T_m = 5000$ сағат деп таңдадым. Осыдан:

$$W = P \cdot T_m, \quad (5.8)$$

$$W = 25,6 \cdot 5000 = 128000 \text{ мың кВт} \cdot \text{сағ.}$$

Кәсіпорын шығындарына кіргізілетін амортизациялық аударылымдардың сомасы әртүрлі әдістермен анықталуы мүмкін. Егер жаңадан өндірілген өнімнің құнына біртекті берілетін негізгі қорлардың

құнына тең болу шартынан шығатын болсақ, онда төмендегідей анықтауға болады:

(5.9)

мұндағы $Z_{амр}$ – амортизациялық аударылымдар сомасы, млн теңге;
 K – негізгі қорлар құны, млн теңге;
 h_0 – амортизациялық аударылымдар нормасы, %.

Амортизациялық аударылымдар нормасын 6% деп қабылдаймыз.

Амортизациялық аударылымдар нормасы негізгі қорлардың нысандарының әрқайсысы үшін олардың нормативтік қызмет ету мерзімдеріне байланысты орнатылады.

(5.10)

немесе

(5.11)

мұндағы $C_{ныс}$ – негізгі қорлар нысандарының құны, млн теңге;
 $C_{л}$ – нысанның ликвидациялық құны, өндірісте шығарылып тасталатын нысанды толығымен немесе бөлшектеп (материалдарын, бөлшектерін) сатудан түскен қаржы, млн теңге.

Кәсіпорынның кейбір негізгі қорларына амортизациялық аударылымдар нормасы келтіріледі.

Негізгі қорлардың нысанның амортизацияланып бітпеген бөлігінің құны тозу мен моральдық тозу салдарынан нысан нормативтік мерзімнен ерте істен шығарылып тасталған кезде пайда болады. Ликвидациялық құн өндірістен шығарылатын нысанның оны сатып жібергеннен түскен қаржыны білдіреді.

Өндірістің тиімділігі негізі қорлардың ғылыми-техникалық деңгейіне байланысты ғана емес, сонымен қатар ғылым мен техниканың қазіргі заманғы жетістіктеріне сәйкестігі және оларды өндірістік үрдісте толық қуатында пайдалануына да байланысты болады.

Эксплуатациялық шығындарды анықтайық. Амортизация жұмыстарына кеткен шығындарды есептейік.

Электр қондырғыларының физикалық немесе моральді тозуына байланысты олардың тозуына кеткен шығындардың орнын толтыру үшін электр қондырғыларының құнының бөлігінен ақша бөлінеді. Бұл бөлінетін ақша амортизациялық шығын деп аталады. Ол барлық шығынның 51%-ын құрайды.

Шығынның қалған 49%-ын келесілер құрайды:

1. Кеңсе шығындары.

Әр ай сайын немесе әр тоқсан сайын барлық бөлімдерде кеңсе тауарларының қажеттілігі туындайды. Кеңсе шығындары осы қажеттіліктерді қосып шығу арқылы анықталады;

2. Еңбек қорғанысы.

Еңбек қорғанысының талаптарына байланысты кез-келген компанияда арнайы жұмыс киімдері, аяқ-киімдері, комплектілері болуы тиіс. Қажетті заттардың барлығын штаттық мамандықтар мен санына байланысты сатып алады;

3. Құрылғыларды тексеру.

Жұмыс және бастапқы эталондарды тексеру тиіс. Келісімшартқа сай бұл іспен арнайы ұйымдар айналысады;

4. Экология бойынша шығындар.

Бұл шығындар компания көлігінің жанар-жағармай материалдарын қолданудан атмосфераға зиянды заттектердің шығарылу, қоршаған ортаны қатты-тұрмыстық қалдықтармен ластау және т.б. шығындарды қамтиды;

5. Сәтсіз оқиғалардан сақтандыру.

Қазақстан Республикасында сақтандыру міндетті болып табылады. Бұл жерде тек сақтандыру түрін таңдау керек;

6. Еңбекақы төлеу.

Өнеркәсіптік және әкімшілік қызметкерлер еңбекақысын төлеуден құралады;

7. Байланыс қызметін көрсету.

Бұл шығындарға телефон үшін абоненттік төлем, қалааралық және халықаралық төлемдер, жоғары жиілікті байланыс төлемдері кіреді;

8. Коммуналдық қызмет көрсету.

Бұл шығындар салқын су мен канализация, қоқыс лақтыру, жылу энергиясының бағаларын қамтиды;

9. Банк қызметі.

Барлық банктар өз қызметі үшін белгіленген пайыз мөлшерінде айналым сомасынан комиссиялық (еңбекақы, іссапар, есептік қағаздарен операциялар) төлемдер алады;

10. Техникалық шығындардың орнын толтыруға қажет энергия.

Электр энергиясын тарату кезінде оның шығындалуы шарасыз, сол себепті оны сметада есептейді;

11. Шаруашылыққа қажет энергия.

Бөлме, монтер пунктін жылыту, барлық ғимараттарды, кәсіпорын бөлмелерін, жөндеу базаларын және т.б. жарықтандыру шаруашылық қажеттіліктеріне жатады.

Шығынның қалған 49%-ын келесідей табамыз:

Сонда толық шығын келесідей болады:

(5.12)

Осыдан өзіндік құнды табуға болады:

(5.13)

Өзіндік құнға тағы 10% қосамыз, өйкені табыс ескерілуі керек. Ол келесідей анықталады:

(5.14)

Жылдық кірісті анықтаймыз. Қосалқы станса арқылы кірістік налогты 20% құрайды деп аламыз:

(5.15)

Кіріс салығын есептеген кездегі берілген түрдегі жылдық кіріс келесіні құрайды:

$$\sum \Pi_{\text{кп}} = W_{\text{год}} \cdot 1,64 \cdot 0,8 = 128 \cdot 1,64 \cdot 0,8 = 167,94 \text{ млн теңге.} \quad (5.16)$$

Өнеркәсіптің екі түрінен де алынған суммалық кірісі келесіні құрайды:

$$\sum \Pi = \sum \Pi_{\text{кп}} + \sum \Pi_{\text{г}} = 167,94 + 14,44 = 182,38 \text{ млн теңге.} \quad (5.17)$$

NPV анықтау (таза әдеттегі құн)

Берілген әдіс келесіден тұрады:

1. Керекті шығын бағасы анықталады, яғни берілген жоба үшін неше қаражат керек екені анықталады.

2. Жобадан келешекте түсетін ақшалай түсілімдердің қазіргі бағасы есептелінеді. Әр жылдағы табыс CF (кэш-флоу) қазіргі уақытта беріледі.

(5.18)

мұндағы CF – жыл сайынғы ақшалай түсім;
 n – жобаны тарату жылдары;
 r – банктің пайыздық қойылымы.

Берілген шығын бағасы (I_0) берілген табыс бағасымен салыстырылады. Олардың айырымы жобаның таза әдеттегі құнының бағасын береді.

Берілген жобаны тұтастай инвестициялауды бағалауды таза әдеттегі құн (NPV) әдісімен жүргіземіз. Инвестиция анализінің осы әдісі инвестициялаушы жобаны ұсыну нәтижесінде фирманың құндылығының өсу шамасын көрсетеді, ол екі сілтемеден тұрады:

- 1) Кез-келген өнеркәсіп өзінің нарықтық құнының өсуіне ұмтылады;
- 2) Әр түрлі уақыттағы шығындардың біркелкі емес құны болады.

NPV анықтау үшін жобаның әр жылдағы қаржы ағынының шамасын сараптау керек, сосын оларды уақыт бойынша теңестіру үшін жалпы бөлімге келтіру керек. Яғни NPV – жобаны тарату барысында туындайтын ақша түсімдерінің қосындысы мен осы жобаны тарату үшін қажетті барлық шығындардың қосындысы арасындағы айырмашылық.

Таза келтірілген құн келесідей анықталады:

(5.19)

мұндағы CF – жыл сайынғы ақшалай түсім;
 n – жобаны тарату жылдары;
 I_0 – толық қосынды инвестиция;
 r – банктің пайыздық қойымы.

Ақша ағымы келесі формуламен анықталады:

(5.20)

мұндағы P_t - таза кіріс, млн.тенге;
 I_{a0} – амортизациялық аударымдар, млн.тенге.

К е с т е 6.3 – Берілген нұсқа үшін NPV есебінің нәтижесі

Жылдар	CF, млн теңге	$1/(1+i)^n$	NPV, млн теңге
0	0	1	-1392,99
1	262,68	0,91	-1153,95
2	262,68	0,826	-936,97
3	262,68	0,751	-739,697
4	262,68	0,683	-560,286
5	262,68	0,621	-397,162
6	262,68	0,565	-248,75
7	262,68	0,512	-114,04
8	262,68	0,467	8,707
9	262,68	0,423	111,305

Есептеулер бойынша біздің салған инвестиция 8 жылдан кейін бізге пайда алып келеді.

$$PV=262,68 \cdot (0,91+0,826+0,751+0,683+0,621+0,565+0,512+0,467+0,423)=1512,51$$

млн. теңге

Рентабелділік индексі - profitability index (PI) – таза дисконтталған пайданы инвестицияға бөлу арқылы анықталады.

Егер:

PI > 1, онда жобаны қабылдау керек;

PI < 1, онда қабылдаудың қажеті жоқ;

PI = 1, жоба пайда да және шығында әкелмейді.

Рентабелділік индексі таза дисконтталған құннан айырмашылығы салыстырмалы көрсеткіш болып саналады. Жобаларды таңдауда, егер олардың NPV бірдей болған кезде PI қарап таңдауға болады.

$$(5.21)$$

PP анықтау (орнын толтыру мерзімі)

Бұл әдіс бастапқы инвестиция сомасын төлеу үшін қажет мерзімді анықтау болып табылады. Орнын толтыру (PP) есебінің алгоритмі инвестициядан жекеленген кірісті бірдей таратумен тәуелді болады. Егер кіріс бірдей болса, онда төлеу мерзімі бір уақыттағы шығынды жылдық кіріс шамасына бөлу арқылы есептеледі.

$$(5.22)$$

Қорытынды

Бұл дипломдық жобада қосалқы стансаның қысқа тұйықталу тоқтарын есептеп, содан алынған нәтижелер бойынша қазіргі заман талаптарына сай негізгі электр құрылғыларын таңдадым. Оларды арнайы бекітілген шарттарға сүйене отырып “ABB”, “Siemens” фирмаларының терминалдарының сипаттамаларымен сәйкес келгенін таңдап алдым. Қосалқы стансадағы трансформатордың қорғаныстарын есептедім. Атап айтатын болсам, трансформатордың дифференциалды қорғанысы, максималды тоқ қорғанысы, газдық қорғаныс, асқын жүктемеден қорғанысы және трансформатордың тоқ үзіндісі. Сонымен қатар сатылы нөл реттік және сатылы дистанционды қорғанысына есептеулер жүргіздім.

Өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімі бойынша қосалқы стансадағы жалпы мәліметтер, яғни орналасу аймағы, ондағы қызметкерлер саны, олардың жұмыс уақыты, нысанның орналасуы, климат жағдайы, жарықтандыру жүйелері және адам қауіпсіздігіне байланысты ақпараттарды жинадым. Соларға негізделе отырып еңбек шартына талдау жасадым. Диспетчер бөлмесін қарастыра отырып, ол бөлменің табиғи және жасанды жарықтандыруына есептеулер жүргіздім.

Экономикалық бөлімде берілген тапсырмаларға сәйкес тұтынушыларды электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз етуіне байланысты шығынды анықтау және талдау, аймақтық электр желілері компаниялардың желілеріне электр энергиясын жеткізу және тарату қызметтерінің тариф деңгейлерінің есебі, тарифтік смета жасалды. Сонымен қатар қосалқы стансадағы электр энергиясын жеткізу қызметі жайлы жаздым.

Дистанционды қорғаныс кезіндегі тоқ тарату коэффициентін, дифференциалды қорғаныстағы қысқа тұйықталу тоқтарын және нөл реттік тоқ қорғанысын анықтау үшін Electronics Workbench компьютерлік бағдарламасын қолдандым. Ал AutoCad бағдарламасын A1 форматта сызбалар: к/ст принципіалды электрлік сұлба, бас электрлік сұлба, орынбасу сұлба, трансформатордың қорғанысы мен желі қорғанысы, селективтілік картасы және ДҚ полигоналдық сипаттамысын сызу үшін қолдандым.

Селективтік картасын тұрғызу үшін Excel бағдарламасын және есептеу формулаларын енгізу үшін MathType бағдарламасын қолдандым.

Дипломдық жұмысты қорытындылай келе қосалқы стансаға қажетті есептеулер жүргізіп, өзіме қажет көп мәліметтерді білдім.

Қысқартулар тізімі

<i>Қысқарту</i>	<i>Толық атауы</i>
ТК	Төмен кернеу
ҚТ	Қысқа тұйықталу
ЖК	Жоғары кернеу
ОК	Орта кернеу
ҚС	Қосалқы станса
ТТ	Ток трансформаторы
КТ	Кернеу трансформаторы
ЭҚҚЕ	Электр қондырғыларын құру ережелері
НРТҚ	Нөлдік реттік ток қорғанысы
МТҚ	Максимал ток қорғанысы
РҚ	Релелік қорғаныс
ДҚ	Дистанционды қорғаныс
ДРЛ	Доға разрядты лампа
ФДТ	Фурье дискретті түрлендіру
ИЭҚ	Интеллектуалды электронды құрылғы
ДҮ	Дифференциалды үзінді
АҚҚ	Автоматты қайта қосу
АТ	Автотрансформатор
ҰЭТ	Ұлттық электр торап
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
KEGOC	Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company)
МАЭК	Мангистауский атомно-энергетический комбинат

Әдебиеттер тізімі

1. Хожин Г.Х. Электр станциялары мен қосалқы станциялар (Оқулық) Алматы: «Ғылым» ғылыми орталығы, 2002.-312 б.
2. Дюсебаев М.К., Хакімжанов Т.Е. Адам өмірінің қауіпсіздігінің негізі. Дәрістер конспектісі. – Алматы: АЭЖБИ, 2004.
- 3.
4. Рожкова Л.Д., Карнеева Л.К., Чиркова Т.В. Электрооборудование электрических станций и подстанций. – 4-е изд., стер. М.: Академия, 2007. - 448 с.
5. Г.Ж. Даукеев, А.А. Жакупов, К.К. Токтибахиев, Б.И. Тузелбаев. Методология формирования тарифов в секторе электроэнергетики Казахстана: состояние, проблемы, перспективы. - Энергетика и топливные ресурсы Казахстана. – 2005.– №2. – С.17-25.
6. Постановление Правительства Республики Казахстан № 1126 от 15 октября 2002 года «Об утверждении Программы совершенствования тарифной политики субъектов естественных монополий на 2002-2004 годы».
7. Бюллетень ABB Power T&D Company Inc. – Высоковольтные выключатели. Отделение силовых выключателей Гринсбург, Пенсильвания 15601. – 45 с.
8. Бюллетень ABB Power T&D Company Inc. – Вакуумный выключатель типа VD4. Отделение силовых выключателей Гринсбург, Пенсильвания 15601. – 16 с.
9. Бюллетень ABB Power T&D Company Inc. – Элегазовые выключатели типа «PM». Отделение силовых выключателей Гринсбург, Пенсильвания 15601. – 6 с.
10. М.В. Башкиров, Н.Н. Арыстанов. Микропроцессорные реле и современные системы защиты сетей высокого напряжения. Методические указания к расчетно-графическим работам №1,2 для студентов специальности 050718-Электроэнергетика.- Алматы, 2008г.
11. Интеллектуальное электронное устройство защиты трансформатора RET670. Техническое справочное руководство. ООО “АББ Силовые и Автоматизированные Системы”, 2011.
12. Инструкция по оперативному обслуживанию протвоаврийной автоматики южной зоны ЕЭС Казахстана. – Алматы, 2000.
13. www.abb.com сайты
14. www.rtc-electro-m.ru сайты
15. www.sozdik.kz сайты
16. www.rzia.ru сайты

А қосымша

Сурет А1 - Максимал режимдегі тура ретті орынбасу сұлбасы

Сурет А2 - Максимал режимдегі кері ретті орынбасу сұлбасы

Сурет А3 - Максималды режимдегі нөл ретті орынбасу сұлбасы

Сурет А4 – Л13 желісінің соңындағы нөл реттік бір фазалы ҚТ

Сурет А5 – Л13 желісінің соңындағы нөл реттік екі фазалы ҚТ

Сурет А6 – Л12 желісінің соңындағы нөл реттік бір фазалы ҚТ

Сурет А7 – Л13 желісінің соңындағы нөл реттік екі фазалы ҚТ

Сурет А8 – Л13 желісінің соңындағы бір фазалы потенциометрлі ҚТ

Сурет А9 – Л13 желісінің соңындағы екі фазалы потенциометрлі ҚТ

Сурет А10 – Л12 желісінің соғындағы бір фазалы минималды режимдегі ҚТ

Сурет А11 – Трансформатордың Т13 төменгі жағындағы үш фазалы Қ.Т.

Сурет А12 – Л13 желісінің соңындағы минималды режимдегі бір фазалы ҚТ